



ӘОЖ 37015

ҒТАХР 14.25.05

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).157

Қашқынбай Қ.Т.

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан**

E-mail: Kanat_7811@mail.ru

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан мектептеріндегі оқушылардың ұлттық тәрбиесін қалыптастырудың негізгі аспектілері қарастырылады. Сонымен қатар, көпбейінді оқу ұжымында толеранттылық пен өзара түсіністік атмосферасын құруға бағытталған ұлттық тәрбиенің ерекшеліктері талданады. Қазақстанның көпұлтты қоғамында әртүрлі мәдениеттерге ортақ жалпыадамзаттық құндылықтар әдіснамалық негіз ретінде қарастырылуы тиіс екендігі атап өтіледі. Ұлттық қадір-қасиетке тәрбиелеу оқушылардың өз халқы мен мәдени мұрасын терең түсініп, мақтаныш сезімін қалыптастыруға бағытталуы қажет. Бұл толеранттылық пен басқа мәдениеттерді құрметтеуге негізделуі тиіс. Осы құндылықтар өзара сыйластыққа негізделген ұлтаралық қарым-қатынастарды қалыптастырудың маңызды тірегі болып табылады. Мақалада ұлттық тәрбиені дамытуға ықпал ететін педагогикалық факторлар, қазақстандық білім беру жүйесі шешетін оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру міндеттері сипатталады. Көпұлтты білім беру ортасында ұлттық қадір-қасиетті сіңіру педагогтардан әр баланың ішкі әлемін терең түсініп, оны құрметтеуді талап етеді. Мектеп – тек білім беретін мекеме ғана емес, сонымен қатар, оқушының тұлғалық дамуы мен азаматтық санасының қалыптасуына ықпал ететін басты әлеуметтік институт. Осыған байланысты оқушылар тек білім алып қана қоймай, ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытуға белсенді атсалысатын, өз елінің жауапкершілікті әрі патриот азаматтары ретінде қалыптасатын білім беру ортасын құру маңызды.

Кілт сөздер: ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар, ұлттық сана-сезім, ұлттық намыс, мәдени мұра, толеранттылық, ұлттың бірегейлігі, ұлттық қадір – қасиет, азаматтық сана, патриоттық тәрбие, көпмәдениетті орта.

Kipicne

Қазақстан оқушыларының ұлттық сана-сезімін қалыптастыру – күрделі, көп деңгейлі және жан-жақты үдеріс, оның негізгі тірегі ұлттық қадір-қасиетке тәрбиелеу болып табылады. Әр адам белгілі бір ұлтқа жататыны анық, бұл оның әлеуметтік өмірдегі орнын айқындайды. Мейлі ол қазақ, қырғыз, татар, өзбек, орыс, әзірбайжан, украин немесе Қазақстанда өмір сүретін басқа да этностық топтардың



өкілі болсын, ұлттық тәрбие адамның өзіндік бағасын қалыптастыру мен ұлттық болмысын түсіну арқылы жүзеге асады. Бұл үдеріс ұлттық тамырын терең ұғынуды, мәдени құндылықтар мен дәстүрлерге құрметпен қарауды, сондай-ақ өз халқының тарихына сыни көзқараспен баға беруді қамтиды. Осы қағидалар негізінде қазақстандық білім беру жүйесі оқушылардың өзін-өзі танытуына, өзіндік ерекшелігін сақтап қалуға және көпмәдениетті ортада өз орнын табуға бағытталуы тиіс. Бұл үдеріс тарихи және мәдени мұраны терең түсінуді негізге ала отырып, толеранттылықты, өзге халықтардың мәдениетін құрметтеуді қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік тілдің (қазақ тілінің) меңгерілуіне ерекше көңіл бөлу қажет, өйткені ол ұлттық сана мен қадір-қасиеттің ажырамас бөлігі саналады. Қазақстанда қалыптасқан көпұлтты қоғам мәдениеттер мен дәстүрлердің алуан түрлілігін ескеріп, оны дамытуға әрі нығайтуға міндетті. Бұл қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділікті сақтауға ықпал етеді. Орыс философы Николай Александрович Бердяев адамның белгілі бір ұлттың өкілі ретінде дүниеге келуі – оның жеке тұлғалық дамуының алғашқы кезеңін айқындайтын басты фактор деп есептеген. Ол ұлтты бөлінушілікке себепші күш ретінде емес, керісінше, жалпыадамзаттық бірліктің маңызды бөлігі ретінде қарастырды. Оның идеясы – адам ұлттық тарихы, мәдениеті, тілі мен дәстүрлері аясында ғана өзіндік ерекшелігін толық сезіне алады деген тұжырымға негізделген. Бұл ой әртүрлі ұлттық мәдениеттердің құндылығын мойындауға шақырады. Жеке тұлғаның дамуы, оның басқалармен қарым-қатынасы, ұлттық құндылықтармен, мәдениетпен танысуы – барлығы ұлттық сана мен қадір-қасиеттің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Адам бұл қасиеттерді тек қабылдап қана қоймай, оларды саналы түрде түсініп, өмір сүру барысында қайта қарастырады. Қазіргі заманның жаһандану жағдайында Бердяевтің ұлттық болмыс арқылы жалпыадамзаттық бірлікке жету идеясы ерекше өзектілікке ие болуда. Жаһандану мәдениеттердің жақындасуына ықпал етумен қатар, ұлттық бірегейлікті жоғалту қаупін де тудырады. Бүгінгі күннің басты міндеті – адамзаттың бірлігі жеке тұлғаның ерекшелігін жоймай, мәдени әртүрлілікті сақтай отырып жүзеге асуы үшін тиімді тепе-теңдікті табу. Ұлттық мақтаныш пен қадір-қасиетке ата-бабалар мен халықтың жетістіктерін бағалау, рухани мұраны құрметтеу, дәстүрлерді сақтау мен ұрпаққа жеткізу, туған жерге сүйіспеншілік, табиғатпен байланыс сезімі, ұлттық мәдениетке құрметпен қарау сияқты құндылықтар жатады. Ұлттың мақтанышы – ортақ тіл, мәдени мұра, тарихи жетістіктер мен туған елге деген патриоттық сезіммен тығыз байланысты. Сонымен қатар, ұлттық қадір-қасиеттің маңызды көрсеткіштерінің бірі – өз халқының бостандығы мен егемендігіне құрметпен қарау және оны қорғауға дайын болу. Сондықтан патриотизм адамгершілік қасиет ретінде бағаланады. Халық арасында "Патриот – Отанға адал қызмет ететін адам, ал Отан – ең алдымен, халық" деген нақыл сөз кең таралған. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, оқушылардың ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың басты мақсаты – олардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін нығайту және тұлғалық дамуына ықпал ету деп қорытындылауға болады. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың ұлттық қадір-қасиетін рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылық ретінде дамыту, өз елінің



тағдырына жауапкершілікпен қарайтын, толерантты әрі патриот тұлғаны тәрбиелеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеуге Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласындағы А. Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің 8–11-сыныптарында оқитын 14–17 жас аралығындағы 80 оқушы қатысты. Мектеп оқушыларының патриотизмі мен оған деген көзқарасын анықтау үшін түрлі әдістер қолданылды: Д. В. Григорьев әзірлеген "Мен елімнің патриоты" сауалнамасы, Л. М. Фридман әдістемесі негізінде "Патриотизмді қалай түсінемін?" тақырыбындағы эссе, Т. М. Маслованың "Аяқталмаған сөйлемдер" әдістемесі. Бұл әдістер жоғары сынып оқушыларының туған өлкесі туралы білімдерін, патриотизм ұғымының мәнін қаншалықты терең түсінетіндігін бағалауға бағытталды.

Сауалнама: «Мен елімнің патриотымын»

Мақсаты: Респонденттердің өз елін сүйу, құрметтеу, ұлттық құндылықтарды бағалау деңгейін анықтау.

1-бөлім. Жалпы мәлімет

1. Жасыңыз:

14–17 18–25

2. Жынысыңыз:

Ер Әйел

3. Оқу/Жұмыс орны: _____

2-бөлім. Патриоттық сезім деңгейі

4. Өзімді елімнің патриотымын деп санаймын.

Иә Жоқ Толық емес

5. Сіздің ойыңызша, патриот болу деген не?

Елін сүйу

Заңды құрметтеу

Тілін, дәстүрін қастерлеу

Ел үшін еңбек ету

Басқа: _____

6. Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білім деңгейіңіз:

Жоғары Орташа Төмен

7. Қазақстан әнұранын жатқа білесіз бе?

Иә Жоқ Жартылай

3-бөлім. Ұлттық құндылықтарға көзқарас

8. Қазақ тілін білу – әр азаматтың парызы деп санаймын.

Иә Жоқ Білмеймін

9. Ұлттық мәдениетке (дәстүрлерге, өнерге) қызығушылығыңыз қандай?

Жоғары Орташа Төмен

10. Қазақ халқының тарихын білу деңгейіңіз:

Жақсы Орташа Әлсіз

4-бөлім. Азаматтық жауапкершілік



11. Қоғамдық іс-шараларға (еріктілік, сенбілік, көмек акциялары) қатысасыз ба?

Иә, жиі Арасында Жоқ

12. Еліміздің дамуына үлес қосамын деп есептейсіз бе?

Иә Жоқ Біршама

13. Сайлауға қатысу маңызды деп санайсыз ба?

Иә Жоқ Білмеймін

5-бөлім. Ашық сұрақтар

14. Сіз үшін «патриотизм» деген сөз нені білдіреді?

15. Еліміздің болашағы үшін қандай істер атқарғыңыз келеді?

Т. М. Маслованың «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі — жеке тұлғаның ішкі мотивациясын, құндылық бағдарларын, эмоциялық-сезімдік жағдайын және жасырын көзқарастарын анықтауға арналған проективтік диагностикалық тәсіл. Әдістеме респонденттің еркін, цензурасыз ойларын ашуға мүмкіндік береді, сондықтан педагогикалық, психологиялық және социологиялық зерттеулерде кең қолданылады.

Бұл әдістің мәні — респондентке басталып қойылған, бірақ аяқталмаған сөйлемдердің тізімі беріледі. Респондент оларды өз ойы, сезімі және тәжірибесі негізінде толықтырады. Толтырылған сөйлемдер жеке тұлғаның ішкі дүниесін, көзқарасын, құндылықтық бағыттарын ашатын маңызды диагностикалық материал ретінде қарастырылады.

Мақсаты: Жеке тұлғаның құндылық бағдарларын, патриоттық сезімін, өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін анықтау.

* Респонденттің жасырын ойлары мен эмоциялық жағдайын айқындау.

* Тұлғалық қасиеттерді сапалық тұрғыдан талдау.

* Әлеуметтік-психологиялық ұстанымдарын анықтау.

Әдістеменің ерекшелігі.

* Еркін, шектеусіз жауап беруге мүмкіндік береді.

* Проективтік сипатта болғандықтан, респондент өзінің шынайы ұстанымдарын жасырмай жеткізеді.

* Тұлғаның терең психологиялық мазмұнын ашады.

* Ашық сапалық ақпарат береді.

Қолдану салалары:

* Білім беру (оқушылардың мотивациясы мен құндылықтарын анықтау)

* Жасөспірімдер психологиясы

* Әлеуметтік зерттеу

* Патриоттық тәрбие диагностикасы

* Тұлғалық даму мониторингі

Зерттеуде қолдану тәртібі.

1. Респондентке 14–17 аралығындағы аяқталмаған сөйлемдер тізімі ұсынылады.

2. Әр сөйлемді еркін түрде аяқтау тапсырылады.

3. Уақыт шектеуі әдетте 10–20 минут.

4. Жауаптар жазбаша түрде жинақталады.



5. Нәтижелер мазмұндық-категориялық талдау арқылы өңделеді.

Жауаптарды талдау әдісі

Талдау үш бағытта жүзеге асады:

1. Мазмұндық талдау

Респонденттің жауаптары негізгі мағыналық категорияларға бөлінеді.

Мысалы:

- * патриоттық сезім
- * ұлттық құндылықтар
- * азаматтық жауапкершілік
- * эмоционалдық көңіл-күй
- * әлеуметтік қатынастар

2. Эмоциялық-реңдік талдау

Сөйлемдердің эмоционалдық бояуын анықтау:

- * позитивті
- * нейтралды
- * негативті

3. Жеке тұлғалық интерпретация

Жауаптар негізінде респонденттің:

- * өзіндік бағасы
- * құндылықтық бағыты
- * өмірлік позициясы
- * мотивтері
- * ішкі проблемалары анықталады.


Нәтижелер мен талқылаулар

Оқушылардың азаматтық сезімі, патриотизмі және ұлттық қадір-қасиетінің дамуын бағалау мақсатында 8, 9, 10 және 11-сынып оқушылары арасында Д. В. Григорьева әзірлеген "Патриот" сауалнамасы жүргізілді. Бұл сауалнамаға 80 оқушы қатысты. Зерттеудің негізгі мақсаты – оқушылардың жеке тұлғалық бағыттарын, олардың әлеуметтік ортаға қатынасын, патриотизмнің құндылықтар жүйесіндегі орнын және "патриот" ұғымына сай келетін жеке қасиеттерді анықтау болды. Бірінші сұрақ оқушылардың "патриотизм" сөзін қалай түсінетінін анықтауға бағытталды. Көпшілік "патриотизм" ұғымын Отанға деген сүйіспеншілік ретінде қабылдайтынын көрсетті. Сонымен қатар, олар патриотизмнің құрамына туған елге құрмет, адалдық, ел тарихын білу, заңдарға бағыну, әдептілік және тәртіптілік сияқты қасиеттер кіретінін атап өтті.

Ал азамат-патриоттың жеке қасиеттеріне оқушылар мейірімділік, әділеттілік, адалдық, талдау қабілеті, жауапкершілік және батылдықты жатқызды. Сауалнама нәтижесінде 71 оқушы (89%) өзін Қазақстан Республикасының патриоты деп есептейтінін білдірді. "Сіздің патриоттық қасиеттеріңіздің қалыптасуына кім әсер етті?" деген сұраққа 14 оқушы (17,5%) – ата-анам, 58 оқушы (72,5%) – мектеп, ал 8 оқушы (10%) – басқа факторлар деп жауап берді. Өз халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білуге қатысты сұраққа сауалнамаға қатысқан 75 оқушының 94%-ы ұлттық дәстүрлерді жақсы



білетінін айтты. Орал қаласындағы А. Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінде патриоттық тәрбиеге бағытталған түрлі іс-шаралар, сынып сағаттары, әскери-патриоттық жарыстар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Сауалнама барысында оқушылар өздерінің қандай іс-шараларға қатысқысы келетінін де көрсетті. Нәтижесінде 48 оқушы байқаулар мен фестивальдерді таңдаса, 22 оқушы әскери-спорттық ойындарға қызығушылық білдірді, ал 10 оқушы ҰОС ардагерлерімен кездесулер мен еске алу кештеріне қатысуды жөн көрді. "Кіші Отан" ұғымына қатысты барлық оқушылар (100%) оны адамның туған жері деп түсінетінін көрсетті. Сонымен қатар, 66 оқушы Орал қаласының негізі қашан қаланғанын білсе, 14 оқушы бұл туралы ақпаратқа ие емес екенін айтты. Дегенмен, жоғары сынып оқушыларының 98%-ы өз қаласына деген сүйіспеншілігін сенімді түрде білдірді. Олар өздерінің сүйікті орындарын да атап өтті. Сауалнамаға қатысқан барлық оқушылар (100%) өздері тұратын көшенің атауын білетінін айтты, ал олардың 70%-ы бұл көшенің кімнің құрметіне аталғанын жақсы біледі.



1-Сурет - Оқушылардың патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға әсер еткен факторлар.

Қаланы жақсарту үшін түрлі шараларды жүзеге асыру қажет. Оқушылардың ұсыныстары негізінен бірдей болды: қоқыс тастамау, қаланы бүлдірмеу, ұқыпты болу, бұзақылыққа жол бермеу, тарихи және мәдени мұраларды сақтау. Сонымен қатар, олар аула көркін жақсарту, жасыл желектер (шырша, қарағай, қайың) отырғызу, ботаникалық бақ ашу, қала аумағын кеңейту, аквапарк пен экзотикалық ағаштар егу секілді бастамаларды ұсынды. Сондай-ақ, тұрғындардың қажеттіліктерін ескере отырып, бассейні бар мектептер салу да маңызды деп есептелді. Осыған орай, 9-11 сынып оқушыларына "Патриотизм және оның маңызы" тақырыбында эссе жазу тапсырылды. Негізгі мақсат – патриотизмнің мәнін түсініп, оған деген көзқарасты анықтау. Жазба жұмыстарында елге деген сүйіспеншіліктің көріністері, ұлттық мақтаныш пен құрмет сезімдері, сондай-ақ қоғамдағы қиындықтар мен оларды шешу жолдары қарастырылды. Патриотизм еңбекке және әскери жетістіктерге негіз болатын маңызды құндылық ретінде сипатталды.


Эсселерді бағалау үш деңгей бойынша жүргізілді:

Төмен деңгей (1 балл) – оқушы патриотизмнің маңызын жеткілікті түсінбейді немесе оған теріс көзқарас танытады.



Орта деңгей (2 балл) – оқушы патриотизмнің негізгі белгілерін үстіртін түсінеді, оның мәнін толық сезінбейді немесе тұрақсыз көзқарасқа ие.

Жоғары деңгей (3 балл) – оқушы патриотизмнің түрлі аспектілерін терең түсінеді және оны өмірде қолдануға дайын.



2-Сурет - Оқушылар арасында патриотизм ұғымы мен оған деген көзқарас туралы хабардарлық деңгейі (әдістеме авторы Л.М. Фридман).

Зерттеу нәтижелері бойынша, 10-11 сынып оқушыларының 25%-ы патриотизмді төмен деңгейде түсінсе, 65%-ы орташа деңгейде, ал 10%-ы жоғары деңгейде қабылдайтыны анықталды. Бұл Орал қаласындағы А.Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің жоғары сынып оқушылары арасында жүргізілген зерттеуден алынған қорытынды. Осы мәліметтер негізінде мұғалімдер мен тәрбиешілер оқушылармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарға қажетті өзгерістер енгізе алады. Жеке тұлғаның қалыптасуы – қоғамның дамуы мен нығаюына тікелей әсер ететін күрделі процесс. Көпұлтты еліміздің мәдениетіне тән ортақ адами құндылықтар – жақындарына сүйіспеншілік, үлкендерге құрмет, кішілерге қамқорлық – тәрбиенің негізгі бағыты болуы тиіс. Бұл құндылықтар ұлттаралық үйлесімділіктің негізін қалыптастыруға ықпал етеді.

Көпұлтты білім беру ортасында ұлттық тәрбие беру – бұл мұғалімдердің оқушылардың ішкі әлемін түсініп, құрметтеуін талап ететін маңызды міндет. Ол тек ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды білуді ғана емес, олардың оқушының өзін-өзі тануы мен құндылық жүйесіне қалай әсер ететінін түсінуді қажет етеді. Ұлттық тәрбие стереотиптер мен идеологиялық көзқарастарды танумен шектелмей, тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталуы тиіс.

Ұлттық қадір-қасиетті қалыптастыру оқушылардың өз ұлтына деген мақтаныш сезімін оятып, дәстүрлерді бағалап, сақтауға баулуымен қатар, толеранттылық пен өзге мәдениеттерді құрметтеуді үйретуі керек. Мұғалімнің міндеті – оқушылардың ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, олардың тұлғалық дамуына қолдау көрсету. Қазақстан мектептеріндегі білім беру мен тәрбие жұмысы ұлттық идеяны дамытуға және оқушыларды қазақ халқының даналығына жетелеуге негізделген.

Орал қаласындағы А. Н. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінде ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінеді.

- Бұл бағытта жүзеге асырылатын шаралар:
- Мемлекеттік тілде білім беруді жетілдіру;



- Қазақ тілінің байлығын насихаттайтын іс-шаралар ұйымдастыру;
- Мемлекеттік рәміздерге құрмет сезімін қалыптастыру;
- Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін үйрету;
- Тарихи және ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту;
- Мәдениетаралық диалогты нығайтатын іс-шаралар өткізу.

Сонымен қатар, "Алғыс айту күні", "Көрісу", "Наурыз" секілді ұлттық мерекелер аясында мәдени іс-шаралар өткізіліп, оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды оқу процесіне енгізу мультимедиялық презентациялар, интерактивті ойындар және онлайн-ресурстарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Халық шығармашылығы патриотизм мен ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Музыка сабақтарында оқушылар қазақ халық әндері мен билерін үйреніп, композиторлар мен ақындардың шығармашылығымен танысады. Қазақ әдебиеті сабақтарында "Алпамыс", "Қобыланды батыр" секілді эпостар оқытылып, ұлттық рухани құндылықтарды бойға сіңіруге көмектеседі. Дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындар: тоғызқұмалақ, асық ату, көкпар сияқты дәстүрлі спорт түрлері насихатталады. Сонымен қатар, сыныптан тыс шараларда халық әндері мен билерін орындау, ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау, мәнерлеп оқу сайыстары өткізіледі. Бұл әрекеттер оқушылардың өз мәдениетін тереңірек түсінуіне және ұлттық мұраға құрмет сезімін дамытуға көмектеседі. Ұлттық дәстүрлерге негізделген тәрбие оқушылардың мәдени бірегейлігі мен өзге халықтардың дәстүрлеріне деген құрметін қалыптастырады. Қазақ мәдениетінде үлкенге құрмет көрсету, қонақжайлылық және еңбекқорлық ерекше маңызға ие. Бұл құндылықтар қазақтың мақал-мәтелдерінде, ертегілерінде, аңыздарында айқын көрініс тапқан. Жаһандану жағдайында басқа мәдениеттерді зерттеу мүмкіндігі арта түскенімен, ұлттық бірегейлікті сақтау мен дәстүрлі құндылықтардың әлсіреу қаупі де бар. Сондықтан ұлттық құндылықтарды сақтау мен нығайту ерекше маңызға ие. Қазақстандық білім беру жүйесінде ұлттық қадір-қасиетті қалыптастыру мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің өзара ықпалдастығы арқылы жүзеге асады. Бұл үдеріс балалардың ұлттық сана-сезімін, ұлттық жауапкершілігін дамытуға бағытталған. Ұлттық құндылықтарды оқу бағдарламасына енгізу болашақ азаматтардың ұлттық қадір-қасиетін нығайтып, елінің дамуына үлес қосатын жауапты тұлғалар ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Қорытынды

Қазақстандық білім беру жүйесінде оқушылардың ұлттық сана-сезімін, ұлттық қадір-қасиетін қалыптастыру – қазіргі қоғамдағы ең өзекті ғылыми-педагогикалық мәселелердің бірі болып отыр. Жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың басым көпшілігі өздерін Қазақстан Республикасының патриоттары деп есептейді, ұлттық дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға құрметпен қарайды және туған жеріне сүйіспеншілікпен қарайтынын аңғартады. Бұл көрсеткіштер ұлттық тәрбиенің мектептегі оқу-тәрбие процесінде жүйелі жүргізіліп отырғанын дәлелдейді. Дегенмен, патриотизм мен ұлттық



құндылықтарды түсіну деңгейі әртүрлі болғандықтан, бұл салада атқарылар жұмыс әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу – тұлғаның өзін-өзі тануына, рухани және әлеуметтік тұрғыда жетілуіне ықпал ететін маңызды фактор. Ұлттық сана-сезім адамның жеке тұлғалық дамуын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Зерттеу барысында анықталғандай, оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасы отбасынан бастау алып, мектеп қабырғасында қалыптасып, қоғамдық іс-шаралар арқылы нығая түседі. Осы орайда, ата-ананың тәрбиелік ықпалы, мұғалімнің бағыт-бағдары және мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі іс-шаралары шешуші рөл атқарады.

Ұлттық қадір-қасиетті қалыптастырудың негізгі тетіктеріне:

- мемлекеттік тілді меңгеру және оның қоғамдық өмірдегі мәртебесін сезіну;
- ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- тарихи-мәдени мұраға құрметпен қарау;
- ұлттық өнер мен халық шығармашылығын танып-білу;
- патриоттық іс-шаралар мен мәдени-көпшілік жұмыстарға белсенді қатысу;
- толеранттылық пен ұлтаралық келісімді дамыту жатады.

Жаһандану дәуірінде мәдениеттердің өзара ықпалдастығы күшейіп, ұлттық бірегейлікті жоғалту қаупі туындайды. Сондықтан білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие беру тек қана дәстүрлі құндылықтарды жеткізу үдерісі емес, сонымен қатар оқушылардың заманауи жағдайда ұлттық мәдениетті жаңғырта отырып, көпмәдениетті қоғамда өмір сүре алу қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс. Бұл тұрғыда Бердяевтің «ұлт жалпыадамзаттық бірліктің ажырамас бөлігі» деген идеясы ерекше мәнге ие. Әрбір оқушы ұлттық мәдениет пен тарихты терең ұғыну арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеуге үйренеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жоғары сынып оқушыларының 65%-ы патриотизмді орта деңгейде, 10%-ы жоғары деңгейде, ал 25%-ы төмен деңгейде қабылдайды. Бұл деректер ұлттық тәрбиенің белгілі бір деңгейде жүргізіліп отырғанын айғақтайды, сонымен қатар оқу-тәрбие процесінде патриотизмді тереңірек түсіндіру, оқушыларды тәжірибелік іс-шараларға белсенді тарту қажеттігін дәлелдейді. Патриотизмді қалыптастыру тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық іс-әрекетпен, яғни туған жерді көркейту, мәдени мұраны сақтау, қоғамдық өмірге араласу арқылы жүзеге асуы тиіс.

Ұлттық тәрбие мен ұлттық қадір-қасиетті қалыптастырудың басты мақсаты – өз елінің тағдырына жауапкершілікпен қарайтын, толерантты, патриот тұлғаны тәрбиелеу. Ол үшін мұғалімдер мен тәрбиешілер оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, тәрбиелік жұмыстарды ғылыми тұрғыда ұйымдастыруы қажет. Сонымен қатар, мектеп пен отбасының, қоғам мен мәдени ортаның өзара ықпалдастығы ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиетті қалыптастырудың тиімділігін арттырады.

Мектеп ұлттық мәдениет пен тарихты терең меңгерген, адамгершілік қасиеттері дамыған, жауапкершілігі жоғары және патриоттық рухы биік тұлғаны тәрбиелеуге міндетті. Бұл мақсатқа жету үшін білім ордасы халықтың мәдени мұрасын насихаттау мен сақтауға бағытталған белсенді, мақсатты және жүйелі



жұмыстар жүргізуі қажет. Білім беру процесі оқушылардың ақпаратты жай ғана қабылдауымен шектелмей, оларды тарихпен, ұлттық дәстүрлермен тығыз байланыстыратын, өзіндік ой қорытуға, талдау жасауға және құндылықтарды саналы түрде ұғынуға ықпал ететін белсенді диалогқа айналуы тиіс. Қазақстандық білім беру жүйесінде оқушылардың ұлттық қадір-қасиетін қалыптастыру міндеті мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің үйлесімді жұмысы арқылы жүзеге асады. Бұл өзара іс-қимыл ұлттық ар-намыс, ұлттық сана-сезім және өз еліне деген жауапкершілік сезімін дамытуға бағытталған. Мектеп болашақ азаматтарды тәрбиелеуде шешуші рөл атқарады, ал ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру оқушылардың өз елін сүюіне, оның болашағы үшін жауапкершілікті сезінуіне және қоғамда өзіндік орнын түсінуіне ықпал етеді. Сондай-ақ, бұл тәсіл оқушылардың мәдени көптүрлілікке деген құрметін арттырып, ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтуға жағдай жасайды.

Қорыта келгенде, ұлттық құндылықтарды дәріптеу – ұлт болашағы үшін стратегиялық маңызы бар іс. Ұлттық қадір-қасиетке тәрбиелеу арқылы ғана жас ұрпақтың бойында туған жерге деген сүйіспеншілік, тарихи-мәдени мұраға құрмет, азаматтық жауапкершілік және жалпыадамзаттық құндылықтарға бейілділік қалыптасады.

Бұл Қазақстанның көпұлтты қоғамындағы тұрақтылық пен келісімді нығайтып қана қоймай, болашақта елінің дамуына үлес қоса алатын саналы, парасатты азаматтарды тәрбиелеудің негізгі шарты болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Бердяев Н.А. Судьба России. М.: Сов. Жазушы, 1990. б. 91-92.
- [2] Патриоттық акт – "Мәңгілік Ел". Астана, 2016. б.14.
- [3] Б Адамбаев. Қазақ халқының шешендік өнері. Аста, 2007. б. 69.
- [4] Зырянов А.С. Описание практического опыта по формированию патриотического воспитания учащихся 10-11 классов в процессе внеурочной деятельности по ОБЖ // Молодой ученый. 2017. № 20 (154). б. 440 – 443.
- [5] Б Жақыпова.А. Қазақстанның жастарының патриоттық тәрбиесінде мәдениетаралық өзара іс-қимылдың әсері. // Заманауи ілім беру мәселелері. 2016. № 2. 72-78 б.
- [6] Абдильдин Ж.М. Қазақстандағы білім беру Философиясы. Алматы: Раритет, 2022. б. 45 – 67.
- [7] К. Нұрланова. Құндылық идея және қазақ халқының құндылықтары. Астана: Фолиант, 2024.б. 110-134.
- [8] Бекмаганбетов А. Педагогические основы воспитания национального самосознания у школьников // Вестник НАН РК. Серия общественных наук. 2017. № 4. С. 45 – 50.
- [9] Гребенюк О.С., Гребенюк Т.Б. Гражданское и патриотическое воспитание учащихся. Москва: Владос, 2004.
- [10] Скаткин М.Н., Лернер И.Я. Воспитание гражданственности и патриотизма школьников. Москва: Педагогика, 1983.



- [11] Бабаева Ә., Арғынбаев Х. Ұлттық құндылық және мәдени мұра. Алматы: Қазақ университеті, 2012.
- [12] Әбдіразақов Е. Ұлттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы. Алматы: Қазақ университеті, 2015.
- [13] Тұрғанбаева Б. Дамыта оқыту технологиясы және ұлттық тәрбие. Алматы: Рауан, 2012.
- [14] Қазақстан Республикасы БҒМ. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Астана, 2016.
- [15] Мәңгілік Ел ұлттық идеясы: әдістемелік құрал. Астана: НЗМ ДББҰ, 2015.
- [16] Рухани жаңғыру бағдарламасы: әдістемелік жинақ. Астана, 2017.
- [17] Жарықбаев Қ. Ұлттық психология. Алматы: Білім, 1998.
- [18] Асқарбаева А. Балалар психологиясы. Алматы: Білім, 2002.
- [19] Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. Москва: Наука, 1977.
- [20] Эльконин Д.Б. Психология развития школьника. Москва: Просвещение, 1989.
- [21] Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. Санкт-Петербург: Питер, 2000.

REFERENCES

- [1] N. Berdyaev A. The Fate of Russia. Moscow: Sov. Writer, 1990. P. 91 – 92.
- [2] Patriotic Act – “Mangilik El”. Astana, 2016. P 14.
- [3] B. Adambaev Kazakh Folk Oratory. Astana, 2007. 69 p.
- [4] A. Zyryanov S. Patriotic Education of Students in the Process of Forming of Practical Experience in Description Grade Life Safety on 10-11 Extracurricular Activities // Young Scientist. 2017. No. 20 (154). P. 440 – 443.
- [5] B. Zhakupov A. Influence on The Interaction of Patriotic Education Youth of Kazakhstan in Intercultural // Problems of Modern Education. 2016. No. 2. P. 72 – 78.
- [6] Abdildin Zh.M. Philosophy of education in Kazakhstan. Almaty: Raritet, 2022. P. 45 – 67.
- [7] K. Nurlanova Kazakh National idea of values and the people. Astana: Foliant, 2024. P. 110 – 134.
- [8] A. Bekmaganbetov Foundations of national Pedagogical education of self-awareness in schoolchildren // Bul - NAS of the RK letin. Series of social sciences. 2017. No. 4. P. 45 – 50.
- [9] Grebenyuk O.S., Grebenyuk T.B. Civic and Patriotic Education of Students. Moscow: Vldos, 2004.
- [10] Skatkin M.N., Lerner I.Ya. Education of Citizenship and Patriotism in Schoolchildren. Moscow: Pedagogika, 1983.
- [11] Babaeva A., Argynbaev Kh. National Values and Cultural Heritage. Almaty: Kazakh University, 2012.
- [12] Abdirazakov E. Theory and Practice of National Education. Almaty: Kazakh University, 2015.



- [13] Turganbayeva B. Developmental Teaching Technology and National Education. Almaty: Rauan, 2012.
- [14] Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Conceptual Foundations of Education. Astana, 2016.
- [15] Eternal Nation National Idea: Methodological Guide. Astana: NCM, 2015.
- [16] Spiritual Revival Program: Methodological Collection. Astana, 2017.
- [17] Zharykbaev K. National Psychology. Almaty: Bilim, 1998.
- [18] Askarbayeva A. Child Psychology. Almaty: Bilim, 2002.
- [19] Leontiev A.N. Activity. Consciousness. Personality. Moscow: Nauka, 1977.
- [20] Elkonin D.B. Psychology of Schoolchild Development. Moscow: Prosveshchenie, 1989.
- [21] Rubinstein S.L. Foundations of General Psychology. St. Petersburg: Piter, 2000.

Кашкынбай К.Т.

ФОРМИРОВАНИЕ УВАЖЕНИЯ У ШКОЛЬНИКОВ К НАЦИОНАЛЬНЫМ ЦЕННОСТЯМ

Аннотация. В статье рассматриваются основные аспекты формирования национального воспитания учащихся в школах Казахстана. Кроме того, анализируются особенности национального воспитания, направленные на создание атмосферы толерантности и взаимопонимания в многопрофильном учебном коллективе. Отмечается, что в многонациональном обществе Казахстана в качестве методологической основы должны рассматриваться общечеловеческие ценности, общие для разных культур. Воспитание национального достоинства должно быть направлено на формирование у учащихся глубокого понимания своего народа и культурного наследия и чувства гордости. Это должно быть основано на терпимости и уважении к другим культурам. Эти ценности являются важной опорой для формирования межнациональных отношений, основанных на взаимном уважении. В статье описываются педагогические факторы, способствующие развитию национального воспитания, задачи формирования национального сознания учащихся, решаемые казахстанской системой образования. Привитие национального достоинства в многонациональной образовательной среде требует, чтобы педагоги глубоко понимали внутренний мир каждого ребенка и уважали его. Школа - это не только образовательное учреждение, но и главный социальный институт, способствующий личностному развитию и формированию гражданского сознания учащегося. В этой связи важно создать образовательную среду, в которой учащиеся не только получают знания, но и активно участвуют в сохранении и развитии национальной культуры, формируются как ответственные и патриотичные граждане своей страны.

Ключевые слова: национальное воспитание, национальные ценности, национальное сознание, национальная честь, культурное наследие, толерантность, идентичность нации, национальное достоинство, гражданское сознание, патриотическое воспитание, мультикультурная среда.



Kashkynbay Kanat

FORMATION OF STUDENTS ' RESPECT FOR NATIONAL VALUES

Annotation. the article reveals aspects of national education, the formation of national dignity among schoolchildren in Kazakhstan, and examines the features of national education in a multinational educational team, aimed at creating an atmosphere of tolerance and mutual understanding. It is noted that the methodological basis should be universal human values inherent in many cultures of our multinational state of Kazakhstan. Education of national dignity should be aimed at developing in the student a sense of pride in understanding his roots and his national identity, based on tolerance and respect for other cultures. These values act as the foundation for building harmonious interethnic relations. The factors of pedagogical influence aimed at national education, the education of national dignity, the tasks of forming a sense of national dignity of the individual schoolchildren, solved by the subjects of the Kazakhstan education system, are described. Successful education of national dignity in the multinational educational environment of Kazakhstani schools requires teachers to have a deep understanding and respect for the inner world of each schoolchild. School is not just a place for acquiring knowledge, but a key institution of socialization that has a decisive influence on the formation of the personality of a future citizen. The key is to create an educational environment in which schoolchildren not only absorb information, but actively participate in the process of preserving and developing national culture, forming themselves as responsible and patriotic citizens of their country.

Keywords: national education, national values, national consciousness, national honor, cultural heritage, tolerance, national identity, national dignity, civic consciousness, patriotic education, multicultural environment.